

Бизнестің оспар

Қысқа мерзімді оқтабақша (Евросад)



МТ-201

Инырбаев Арыстан

Омаров Калижан

Нуриденов Нурбек

Кабдолла Чингиз

Кулубаев Адлет





Қысқа мерзімді балабақша (Евросад)

Балалар бақшасы қала тұрғындары балаларының бос уақыттарын өткізуді, ата-аналарға қажетті уақытта балаларын қалдыру деген қажеттіліктерінің қанағаттандыру үшін жасалады. Жаңадан құрылған балалар бақшасының икемді жұмыс кестесі, білікті қызметкерлері, әрбір баламен жеке жұмыс жасау мүмкіндігі болады. Болашақ жас клиенттерге компания ауқымды қызметтер аясын ұсынады. Бос уақытты өткізу қызметі жұмыс басталған 8.00 сағаттан бастап «соңғы клиент» келгенге дейін белгілі стандарт бойынша жүргізіледі, оған ойындар мен сабақтар өткізу, серуендеу, балалардың бос уақытын ұйымдастыру кіреді.

Олардың ой-өрісін дамытатын ойындар, ұйірмелер, жаттығулар, ойындар өткізу үшін арнайы әдістеме әзірленген. Балалар мерекелерін (Жаңа жыл, балалардың туған күндері және т.б.) мен таңертеңгіліктер (ата-аналардың келісімімен) өткізіледі.

Балалар бақшасының бірінші оқу жылындағы мақсаты - дене тәрбиесі және сана-сезімін тәрбиелеу, қарым-қатынас тілін дамыту.

Олардың ой-өрісін дамытатын ойындар, ұйірмелер, (жаттығу, ойындар) өткізу үшін арнайы әдістеме әзірленген.

Павлодар және де басқа қалаларда бизнестің осы түрін ашу үшін барлық мүмкіндіктер бар.

Жобаның тұжырымдамасы қысқа мерзімді бала бақшаны (Евросад) ашуды қарастырады.

Кәсіпорын қызметінің мәні болашақ ұрпақты тәрбиелеу саласында сапалы және кәсіби қызмет көрсету болып табылады. Жоспарланып отырған кәсіпорынның нысаналы тобы орташа табысы бар отбасылар болады.

Жоба бойынша жалпы инвестициялық шығындар мыналарды қамтиды:

Шығыстар, мың тг.	
Негізгі капиталға инвестициялар	6 000
Негізгі капитал	2 000
Барлығы	8 000



Жобаны қаржыландыруды жоба бастамашысының өз қаражаты есебінен сияқты қарыз капиталы есебінен де жүзеге асыру жоспарлануда.

Кредиттеудің келесі шарттары қабылданды:

Кредит валютасы	теңге
Пайыздық ставка, жылдық	12%
Пайыздар мен негізгі борышты төлеу	ай сайын
Пайыздарды өтеудің жеңілдікті кезеңі, ай	36
Негізгі борышты өтеудің жеңілдікті кезеңі, ай	36
Негізгі борышты өтеу түрі	тең үлестермен

Қаржыландыру көзі, мың тг .	Сомасы	Үлесі
Өз қаражаты	1 200	15%
Қарыз қаражаты	6 800	85%
Барлығы	8 000	100%



Жоба экономикалық көзқарас жағынан мыналарға ықпал ететін болады:

- жаңа жұмыс орындарын құру, бұл жұмысшылардың тұрақты пайда табуына мүмкіндік береді;
- мектепке дейінгі білім беру саласында сапалы қызметтер көрсету;
- Павлодар қаласының бюджетіне салықтар мен басқа да аударымдардың түсуі.

Әлеуметтік әсерлердің арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- халықтың мектепке дейінгі мекемелерде жас ұрпақты тәрбиелеу қызметтеріне деген сұранысын қанағаттандыру.

ӨНДІРІСТЕР БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Қысқа мерзімді балабақшаға (Евросад) күніне орта есеппен алғанда 15 бала әкелінеді, ал сағаттарына байланысты алсақ орта есебімен 3 сағатқа әкелінеді. Отбасылық жағдайларына байланысты баланың 1 сағаттық күтімі 750 теңгені құрайды. Жұмыс уақыты - аптасына 6 күн, дүйсенбіден сенбіге дейін, 8:00-ден 19:00-ге дейін. Осындай балалар санын ескере келе балалар бақшасының түсімі жылына 12,150 млн теңгені құрайды (2019-2020 жж.).



Негізгі және әлеуетті бәсекелестер

Кәсіпорынның негізгі бәсекелестері Павлодар қаласының ұқсас ауданында орналасқан жеке меншік сияқты мемлекеттік балалар бақшалар және бала күтушілер болып табылады.

Мыналар кәсіпорынның бәсекелестер алдындағы негізгі басымдықтары болып табылады:

- Қызметтер бағасының салыстырмалы төмендігі;
- Ұсынылатын қызметтер сапасының жоғарылығы;
- Заманауи құрал-жабдықтарды пайдалану;
- Жобаны іске асыру үшін білікті еңбек ресурстарының болуы;
- Көрсетілетін қызметтің көп бейінділігі;
- Тілдерді оқытудың инновациялық технорлогияларын пайдалану.

Маркетинг стратегиясы

Жарнама балалар бақшасының имиджін көрсетумен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Жарнама жасаудың мақсаттары әлеуетті клиенттерді жаңа тәрбиелеу мекемесінің ашылғаны, олардың бақша туралы оң пікірінің қалыптасуы, сондай-ақ көптеген клиенттер санын тарту туралы хабардар ету болып табылады. Жұмыстың бастапқы кезеңінде жарнама бюджеті шамамен 15 мың теңгені құрайды. Бұл қаражатты ата-аналардың балаларымен көп жиналатын жерлерінде жарнама буклеттерін орналаструға, газеттер мен БАҚ-та хабарландырулар жариялауға, маңдайшалар дайындауға жұмсау жоспарлануда.



Ғимараттар мен құрылыстар

Жоспарланған кәсіпорынды аумағы 80 м2. астам жалдамалы орын-жайда орналастыру жоспарлануда. Жанынан балалар алаңы орналасатын болады, онда қажетті орын-жайларын орналастыру жоспарлануда.

Қажетті және инвестиция

Атауы	Саны	Бағасы Мың теңге/ 1 заттың бағасы
Ойындықтарға арналған қабырға шкафы	7	105 /15
Орын-жай үшін ойын ойнау кешені	4	1 720 /430
Балалар алаңы (көше кешені)	4	1 040 /260
Шешіну үшін 4-секциялы шкаф	20	600 /30
Үстел, орындықтарымен бірге	20	600/30
Ойын ойнау жиһазы жиынтығы	10	700/70
Орын-жайға арналған орындықтар	10	300/30
Шағын орындық	20	200/10
Сатылы ойындар	3	300/100
Ойын жиһазы	5	250/50

Жабдықтар мен инвентардың жоспарлы құны 5 615 000 теңгені құрайды.

Іске асыру жоснары

Осы жобаның іске асуы 2019 жылдың соңынан бастап 2020 жылдың сәуіріне дейінгі кезеңді алатын болады деп болжанды.

«Жол картасы – 2020» шеңберінде «ДАМУ» қорының бағдарламасы бойынша кредит алған жағдайда кредитті арзандатуға болады, бұл кәсіпорынға кредиттің пайызы бойынша шығыстарды азайтуға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру кезінде мынадай міндеттерді шешу көзделген:

- жаңа жұмыс орындарын құру, бұл жұмысшылардың тұрақты пайда табуына мүмкіндік береді;


- мектепке дейінгі білім беру саласында сапалы қызметтер көрсету, Әлеуметтік әсерлердің арасынан мыналарды бөліп көрсетуге болады:

Халықтың жас ұрпақты мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу қызметтеріне деген сұранысын қанағаттандыру.




Жасыңыз

14 ответов




Ұлт

14 ответов




1) Сізге балабақшаның аты ұнай ма?(CHILDREN)

20 ответов




2) Балабақша сауда үйінің жанында болғанына қалай қарайсыз?

21 ответ




3) Балабақша жоғары технологиялық болғанына қалай қарайсыз? (видеобақылау,интерактивты тақта және т.б.)

20 ответов



4) Batyr Mall сауда үйінің жанында уақытша балабақшаны салып жатқаның білесіз бе?

21 ответ



НА ЗАРЬИЦЫЗГА

РАХМЕТ!!!